



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

МИФ, ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САБАҚТАСТЫҒЫ

Нұрбақыт Дана

Dana0229@mail.ru

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 2-нші курс магистранты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Сәтенова С.К.

Лингвистика мен оның салалары бірнеше ғасыр бойы фонетика, лексикология, грамматика, семантика, диалектология, салыстырмалы лингвистика, сипаттамалы лингвистика, құрылымдық лингвистика, жалпы теориялық лингвистика сынды тармақтарға бөлініп, тілдік тұрғыдан қарастырылып келді.

Алайда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан зерттеушілер тілдік құбылыстарды қалыптасқан тіл білімі шеңберінде ғана қарастырып қоймады. Тіл мен оның қызметі басқа да қоғамдық ғылымдар (тарих, дін, география, социология, культурология, археология, психология) тұрғысынан зерттеліп, ауқымды еңбектерге негіз болды. Осының нәтижесінде психоллингвистика, элеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану және т.б. тәрізді пәнаралық ғылым салалары пайда болды. Жаратылыстану, техникалық ғылымдар салаларымен бірігіп, осы бағыттығы зерттеулер лингвистиканың жаңа қырларын ашты.

Тіл ғылымының жетістіктері нәтижесінде басқа ғылым салаларында да айтарлықтай табыстарға қол жеткізілуде. Мұның басты себебі, тілге тән әмбебаптық қасиет.

Ғылымның дамуының заманауи сатысында, әсіресе, гуманитарлық ғылымдар саласында тілдік факторларды талдауда антропоцентристік бағыт негізге алынуда. Тіл – жеке тұлғаның қоғамдағы күнделікті өмірінен тыс қарастыруға келмейтін құбылыс. Тіл – әлемді тану құралы. XXI ғасырда қоғам және адам сабақтастығы лингвистиканың негізгі мәселесі болып табылады. Мәдени антропология (этнолингвистика) – адамның мәдениетті қарым-қатынас арқылы дамытуы сынды қайталанбас құбылысты зерттеумен айналысады. Адам тіл мен мәдениеттің жасаушысы ғана емес, байланыстырушы құралына айналуға.

Тіл мен мәдениет сабақтастығы этнолингвистика және лингвомәдениеттану сынды ғылым салаларының зерттеу нысанына айналды. Аталған мәселе XIX ғасырдың басында Р.Раск, В.Гумбольдт және Ф.И. Буслаев, А.Н. Афанасьев, А.А. Потебня еңбектерінде жан-жақты қарастырылды.

Адам мен мәдениет бір бірінен мүлдем ажырамас бөлшектер, мәдениет адам шығармашылығы нәтижелерінің қосындысы. Оны барлық құндылықтардың жиынтығы ретінде де анықтауға болады. Мәдениет – адамның табиғатқа, басқа адамдарға деген қарым-қатынасындағы ғасырлар бойы жинақталған ең құнды, іріктелген бөлшектері.

Әдетте мәдениет үшке бөліп қарастырылады: материалдық, рухани және физикалық. Олардың әрқайсысының өз «тілі» бар.

«Мәдениет тілі» ұғымы адамдарға бір-бірімен коммуникативті қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін құралдарды, белгілері, символдарды қамтиды. Оларды адамның мәдениет кеңістігіндегі жолбасшылары деп анықтауға болады. Мәдениет тілі – шындықты қабылдаудың қайталанбас тәсілі, онда жаңа немесе қолданыстағы мағыналық құрылымдар, ұғымдар, бейнелер жүйеге келтіріледі.

Ғалым А.А. Брудный зерттеулері бойынша «мәдениет» сөзі Ежелгі Римде қалыптасқан. Ол латынның «*cultura*», яғни «жерді өңдеу», «жетілдіру», «құрметтеу» сөзінен шыққан. Қазіргі уақытта «мәдениет» сөзі бастапқы мағынасын жоғалтқанымен, оның мағынасы табиғатты адам қажеттіліктеріне қарай бейімдеу, өзгерту дегенге сай келеді. Бізге таныс ұғымдағы «*cultura*» сөзін алғаш рет Цицерон қолданып, оған «жанды жетілдіру», «рухани мәдениет» мәнін берген. Мәдениетке қатысты заманауи зерттеулерде «Мәдениет – адами қатынастардың белгілі формасы» деген пікір қалыптасуда [1, б. 47].

Белгілі ғалым, этнограф В.С. Библер еңбегінде «мәдениет дегеніміз әр түрлі мәдениеттер өкілдерінің ілесіме қарым-қатынасының ортақ формасы...және осы мәдениеттер қарым-қатынасы барысында жеке тұлғалар қатынасы жүзеге асады» деген қорытынды жасалған. Аталған қорытынды мәдениетке деген антропоцентристік қатынасты білдіреді [2, б. 83].

Адамзаттың бірігуінің және мәдени мұраны иелену фактілері мәдени мазмұнның жеткізілуін қамтамасыз ететін механизм мен құрылымның бар екендігін көрсетеді. Мұндай құрылым әлеуметтік салаға қатысты алғанда тілді құрайды, яғни белгілер жүйесі. Біз өмір сүріп жатқан әлемдегі фактілерге, құбылыстарға және үрдістерге қандай да бір мағына беру арқылы мәдениет күрделі, жан-жақты белгілер жүйесін құрады. Сол жүйе арқылы тәжірибе жинақталып, әлемнің өзіндік жүйесі құрылады.

Жоғарыда мәдениетке берілген анықтаманың қайсысын алып қарасақ та, мәдениет тілге қатыссыз болмайды. Бір қырынан алғанда, мәдениет пен тілдің байланысы мазмұн мен форманың байланысы тәрізді. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет оның ішкі мәні. Осы тұрғыдан алғанда тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын тұтас бір дүние.

Тіл – қоғамдық өмірдің сәулесі. Тілде қоғамдық өмірдің кез-келген өзгерістері айқын көрініс табады. Әсіресе, тілдегі лексика өте сезімтал болып, қоғамның саяси, экономика, мәдениет, ағарту, өнер, идеология сынды қырларындағы өзгерістер бейнеленеді. Демек, тілдегі лексикаға талдау жасау арқылы халықтың өткені мен бүгінінен, қоғам даму тарихынан, жалпы мәдениетінен мағлұмат ала аламыз.

Адамдар қарым – қатынасы барысындағы тілдің рөлі жөнінде Д. Вико, И. Гердер, В. Гумбольдт және т.б. ғалымдар зерттеу жүргізе отырып, тіл білімінің негізін қалады. Бүгінгі күні аталған тақырыптың жаңа қырларын ашу мақсатында психоллингвистика және әлеуметтік лингвистика сынды пәнаралық ғылымдар дүниеге келді. Алайда, тіл мен мәдениет байланысына қатысты зерттеулер бастауы XX ғасыр еншісіне тиесілі.

Халықтың ертедегі мәдениетін зерттеу, білу және заманауи мәдениетті игеру үшін ең алдымен, тілдің табиғатын білу, оның құдіретін түсіну керек. Этнолингвистика ғылымының негізгі міндеті – тіл байлығы негізінде халықтың рухани, мәдени өмірінің тарихын, салт-дәстүрі мен ұлттық дүниетанымын жан-жақты ашып көрсетіп, оны халыққа түсіндіру [3, б. 15].

Тіл мен мәдениетті алғашқылардың бірі болып байланыстыра қарастырған америкалық мәдени антрополог Ф.Боас және британдық әлеуметтік антрополог Б. Малиновский болды. Ф.Боас 1911 жылы аталған байланысты екі мәдениеттегі сөздік қорларды салыстыра отырып дәлелдеп шықты. Оның зерттеулері әртүрлі мәдениеттердегі құндылықтарды сөздік қор арқылы өрнектеу болды: «солтүстік америка халқы үшін қар – табиғи құбылыс және олардың сөздік қорында «snow» (қар) және «slush» (батпақ) деген екі сөз ғана қолданылса, эскимостарда қардың әртүрлі қалыпын сипаттайтын 20–дан астам сөз бар». Зерттеу барысында анықталған мәліметтерді талдау арқылы, ғалым тіл мен мәдениет сабақтастығына бұлтартпас айғақтар келтірді. Осылайша, Ф. Боас пен оның алғашқы шәкірттері осы мәселелерді және оларды зерттеу әдістерін анықтап, америкалық лингвистикаға жаңа дәстүр енгізді [4, б. 53].

Тіл мен мәдениеттің байланысын одан әрі жетілдіруге Сепир–Уорф лингвистикалық гипотезасы өз үлесін қосты. Сепир–Уорф гипотезасына сәйкес «тіл ойды жеткізудің құралы ғана емес, ойды қалыптастырудың да құралы: біздің әлемді қабылдауымыз тілге тәуелді. Бұл қорытынды тұжырымға ғалымдар тілдердің құрамын талдау арқылы емес, олардың құрылымын (Еуропа тілдері мен Хопи тілі) қарастыра отырып жасады. Мысалы, хопи тілінде осы, өткен және келер шаққа бөлініс жоқ, ағылшын тіліндегі «Ол он күнге қалды» деген сөйлем Хопи тілінде «Ол он бірінші күнге дейін қалды» деген сөйлем сәйкес келеді». Осы мысал арқылы Уорф мәдениет пен тілдің байланысын зерттеу бағытында маңызды мәселелерді анықтады.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, мәдениет тілдік «кейіпте» өмір сүріп, дамиды

деген қорытынды жасауға болады. Себебі, тіл әлемнің тілдік бейнесін құрып, қоршаған әлемдегі барлық құбылыстарды ретке келтіреді. Кез–келген зат немесе құбылыс атауға ие болғанда ғана адамзатқа қол жетімді болады. Атау беру арқылы адам өз санасындағы ұғымдар желісіне жаңа түсінік қосады және өзідік әлемнің тілдік бейнесін кеңейтеді. Әлем тілді сипаттап қана қоймайды, адам санасындағы әлемді құрып, шындықты бейнелейді. Сондықтан да тіл мен әлемді тану тығыз өзара байланысты.

Қарапайым санада «миф» сөзі құдайлар мен батырлар туралы әңгімелер мен ассоциацияға ие. Сонымен қатар, миф көне дәуірмен, ұлттың өткенімен байланысты деп қабылданады. Алайда бұл пікірлердің екеуі де шындықпен жанаспайды.

Біріншіден, миф әңгіме немесе ертегі емес, ол – мәдениет формасы, адам тұрмысының кейпі. Екіншіден, ол тарих еншісіне ғана тән емес. Миф мәңгілік, себебі, оның салдары әр мәдениетке терең бойлаған.

Антикалық мифология – жалпы қабылданған тарихи–мәдени феномен, өз заманының әдебиеті мен мәдениетіне ғана емес, пост антикалық әлемнің көркем өміріне әсер еткен құбылыс. Кейінгі ғасырлардың барлығында миф сюжет құрушы фактор ретінде барлық елдердің әдебиетіне ықпал еткен: образдар мен классикалық тақырыптар мен мотивтер көзі.

Миф көркем бейнеліліктің құралы ғана емес, философиялық–эстетикалық әлеуетке ие. Әртүрлі мәдениеттердің заманауи мазмұнын бейнелейтін шартты–символикалық форма.

Бастапқыда, біздің ата–бабаларымыз барлық әлемді миф шеңберінде қабылдаған. Алайда, даналықты ұрпақтан ұрпаққа жеткізу құралы деп айтуға болады. Табиғи, әлеуметтік өмірге анықтама беріп, әрекет нормаларын, салт–дәстүрді, ритуалдарды белгіледі.

Ежелгі құдайлар мен батырлар жөніндегі мифтер –теогоникалық мифтер деп аталады. Олар шынайы болған оқиғалар туралы ақпарат береді Алайда, қазір олар сакральды сипатынан айрылып, көркемдік қызметін ғана сақтап қалған. Мифологиялық мотивтер кез–келген заман не ғасырдың әртүрлі өнер түрлерінде кездеседі. Осы мәселе немес мифтік шығармашылық жоғалмайды, жалғасын табады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Яғни, миф адам рухының сыртқы проекциясы, ғарыштың бір бөлігі. «Ғарыш» заманауи мағынасында емес, ежелгі мифологиялық мағынасында қолданылған. Бұл ғаламның көне бейнесі, онда адам «табиғат билеушісі» емес, оның құрамдас бөлшегі. Осы мифологиялық ғарышта тірі қалу үшін, адам онда тұратын тіршілік иелері арасынан қолдаушы табуы тиіс, бұл қолдаушылар құдайға айналады.

Әр тайпаның құрметке ие мифологиялық тіршілік иелері пайда болады. Осыған байланысты христиан заманында туындаған «пұтқа табыну» термині қолданылған. Кейінгі діндер, христиандық пен ислам бір құдай идеясын уағыздаса, бағзы тайпаларға өзіндік сенім жүйесі сәйкес келген. Пұт бейнесіндегі құдайлардың әртүрлі сипаты бар, алайда сенім мен мифтердің ішкі құрылымы өзара ұқсас: адам мен табиғаттың қатынасына негізделген. Әр тайпаның жануар бейнесіндегі бабасы бар деп есептелді, бұл сенім тотемизмге негізделген.

Миф әлемнің объективті не шынайы бейнесін сипаттауға арналмаған, керісінше ол әлемге мән беру қызметін атқарған. Адам табиғаттың өмірінің жалғасы және құдіретті табиғи күштерге табынуға тиіс болды. Әрине, бұл мифтің ең бастапқы даму сатысына сай.

Миф адам мен табиғаттың, сондай-ақ, қоғам мен жеке тұлғаны өзара біріктіретін, байланыстыратын құрал. Миф адам өмірін реттеп, адамды қоғамға немесе ұжымға бағынышты етеді.

Миф өте консервативті және тұрақты жүйе. Егер ол уақыт өте келе жоғала бастаса, оның себебі білімге байланысты емес. Адам бостандыққа ұмтылған сайын миф жойылуда, бағзы замандарда миф атқарған міндетті қазіргі кезде дін мен өнер, философия атқаруда.

Алайда, миф мәдениеттен із–түссіз жоғалмайды. Біріншіден, миф пен оның бейнелері адамның санасында сақталған. Адам үшін мифтың символикалық бейнелері мағына беру мен оның көрінісінің басты әмбебап құралы. Заманауи мәдениет бұл формаларға жаңа мазмұн беруде.

Мифты толық ойдан шығарылған, қияли құбылыс ретінде де қабылдауға болмайды. Миф табиғи құбылыстар мен қиял–ғажайып құбылыстардың ара-жігін ажыратпайды. Оның

барлық қырлары шындық ретінде қарастырылады. Миф – киелі әңгіме, оның шындық екендігіне күмән келтіруге болмайды. Оның басты тақырыбы «миф заманы», яғни біздің заманға дейінгі, әлем пайда болған уақыт. Мифтік заман көне дәуірдің бастауы. Адамның барлық әрекеттері мен қызметтері – дүниеге келу, отбасы, өлім, , уй салу, жер жырту, тамақтану, қаланың негізін салу және т.б. – мифтік, идеалды үлгіні қайталау болғандықтан, құнды болып саналған.

Аталған әрекеттерді қайталау дәстүр, рәсім ретінде сақталды. Рәсім мифті жүзеге асыраса, миф аталған рәсімге мазмұн мен мағына береді. Мифтің құрылымы әр жеке әрекетке мағына беріп, оны әлемнің бөлшегі ретінде түсіндіреді.

Кейіннен мифтің тұтастығы бұзылып, оның символизмі дін, өнер мен қоғамдық санаға берілді. Тарих ежелгі мифтерді толығымен өзгерте алмайды, миф – тарихи алғысөз емес, оның бір бөлшегі болып табылады.

Қорытындылай айтатын болсақ, дүниедегі барлық қоғамдық және табиғи құбылыстар ішінде тіл – әр ұлыстың ата-бабаларынан өзінен кейінгі ұрпақтарға жалғасатын, оңайлықпен өзгермейтін негізгі белгілері саналады. Тіл тарихы – ұлт тарихынан да ұзақ. Ұлттық тіл болмайынша, ұлттық мәдениеттің қалыптасуы, оның ғасырлар көшіне ілесіп, бүгінгі күнге дейін жетуі мүмкін емес дейміз.

Бәрімізге белгілі, мифологиялық элементтер халықтық көркем мәдениеттің жалпы алғанда негізі болып саналады. Өз кезегінде тіл де халық мәдениетінің негізі. Сондықтан да тіл білімі мен мифологияның арасын байланыстырып тұратын шекара салаға этнолингвистика жатады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. А.А.Брудный. Семантика языка и психология человека: о соотношении языка, сознания и действительности. – Фрунзе: Илим, 1972. – 47 с.
2. Библер В.С. От наукоучения – к логике культуры: Два философских введения в двадцать первый век. – М.: «Политиздат», 1990. – 83 с.
3. Толстой Н.И., Толстая С.М. Славянская этнолингвистика: вопросы теории. – Москва: Институт славяноведения РАН, 2013. – 15 с.
4. Боас Ф. Руководство по языкам американских индейцев. – СПб.: Университетская книга, 1997. – 53 с.

УДК 81'255

БЕЗЭКВИВАЛЕНТНЫЕ ЛЕКСИЧЕСКИЕ ЕДИНИЦЫ В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ: ВОПРОСЫ ПЕРЕВОДА

Нұржанғали Назеркегүлім Жанарбекқызы

nazerkegulim@mail.ru

Магистрант 1-го курса специальности 6М020700 – «Переводческое дело»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель –Бейсембаева Ж.А.

Различия, которые существуют между определенными языками, обусловлены различием культур, к которым относится тот или иной язык. Это можно пронаблюдать в определенных лексических единицах, поскольку именно они напрямую связаны с экстралингвистическими реалиями. В каждом языке и его диалекте есть слова, которые не имеют аналогичного по значению переводящего его слова. Это явление и есть так называемая безэквивалентная лексика. На то есть ряд причин, и их можно разбить на три группы.

Во-первых, фактическое отсутствие в переводящем языке явления или предмета. (казахское слово «кымыз» – кисломолочный напиток из кобыльего молока). Во-вторых,